

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы (2007 жылғы 1 наурыздағы)

2007 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 78 филиалы мен 74 өкілдігі бар. Алматы қаласында 11 қор және Қарағанды қаласында 1 қор («Валют-Транзит Қоры» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ), Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративті) және Ақтөбе қаласында 1 қор («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

Заңды тұлғаларға 2007 жылғы ақпан айында зейнетақы жарналарын тарту бойынша және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия берілмеді.

Агенттік Басқармасының 12.02.2007ж. №1 қаулысымен зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға «Жинақтаушы зейнетақы «Валют-Транзит Қоры» АҚ-на берілген лицензияның қолданысы 3 ай мерзімге тоқтата тұрылды.

12 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредит Банкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны қаңтар айында 68 224 (0,80%-ға) ұлғайып, 2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 8 641 295 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 4 қорда болды: «МЖЗҚ» – 27,65%, «Қазақстан Халық Банкі» – 20,25%, «ҰларҮміт» – 15,13% және «БТА Қазақстан» – 8,57% немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 71,60% келеді. Ақпан айында 4 қордың үлесі 0,06 пайыздық тармаққа көбейді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны ақпан айында 2 084 (5,92%) өсіп, 2007 жылғы 1 наурызда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 652,2 млн.теңгені құрап 37 258 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 51,91%, «ҰларҮміт»- 16,14% және «Капитал» – 14,88% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 82,93 % келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2007жылғы 1 наурызда 3 759 құрады, салымшысының дербес зейнетақы шотында 35,6 млн.теңге болды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.03.06ж	01.03.07ж	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)
-міндетті зейнетақы жарналары	7 750 917	8 641 295	890 378	11,49

бойынша				
- ерікті зейнетақы жарналары бойынша	32 414	37 258	4 844	14,94
- ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	3 629	3 759	130	3,58

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары ақпан айында 16,5 млрд. теңгеге (1,77%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 947,4 млрд. теңге құрады.

2005 жылы жинақталған зейнетақы қаражаттардың орташа айлық өсімінің сомасы 13,7 млрд. теңге болса, 2006 жылы ол 21,6 млрд. теңге, ағымды жылдың қаңтар - ақпан айында 18,9 млрд. теңге құрады.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

(млрд. теңгемен)			
Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны (% -бен)
01.03.2004 ж.	378,9	97,8	34,79
01.03.2005ж.	505,0	126,1	33,28
01.03.2006ж.	693,6	188,6	37,35
01.03.2007ж.	947,4	253,8	36,59

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының абсолютті өсу барысында олардың өсу қарқынының 2006 жылғы 1 ақпаннан бастап 2007 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде 1,76 пайыздық тармаққа төмендегенін көруге болады.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 28,07%, «МЖЗҚ» – 17,81%, «ҰларҮміт» – 17,55%, «БТА Қазақстан» – 9,44% және «ГРАНТУМ» - 6,43% жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасынан. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 79,30% келді.

2007 жылғы 1 наурыздағы жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2007 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда 0,43%-ға өсіп 2007 жылдың 1 наурыздағы жағдай бойынша 265,3 млрд. теңге болды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңгемен)				
Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.03.2004 ж.	98,0	19,1	24,21	25,86
01.03.2005ж.	121,8	23,8	24,29	24,12
01.03.2006 ж.	179,4	57,6	47,29	25,87
01.03.2007ж.	265,3	85,9	47,88	28,01


Көрсетілген кестеде «таза» инвестициялық кірістің көлемі 2004 жылғы 1 наурызынан бастап 2007 жылғы 1 наурызға дейін өсу қарқыны 23,67 пайыздық тармаққа ұлғайғаны байқалады. 2004 жылда таза инвестициялық кірістің орташа айлық өсім қарқының мөлшері 1,3 млрд. теңге, 2005 жылы - 3,4 млрд. теңге, 2006 жылы - 8,4 млрд.теңге, қаңтар - ақпан айында 4,8 млрд.теңге құрағанын атап ету қажет.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылдың 1 наурызынан бастап 2007 жылғы 1 наурызына дейін 2,15 пайыздық тармаққа ұлғайды. Ағымды жылдың ақпанында үлесі 0,37 пайыздық тармаққа кеміді.

Жалпы зейнетақы жарналардың түсуі 15,0 млрд. теңгеге (2,20%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 ақпанда 698,9 млрд. теңге құрады.

Жалпы зейнетақы жарналардың түсуі ақпан айында 16,4 млрд. теңгеге (2,35%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 наурызда 715,4 млрд. теңге құрады.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** өсуде. Ол 2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 5,7 млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 ақпандағы жағдаймен салыстырғанда 3,51%-ға өсті. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсімпұл сомасы 1,6 млрд. теңгеге немесе 39,02%-ға өсті.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары ақпанда 1,2 млрд. теңгеге (2,49%) өсіп, 2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 51,0 млрд. теңге болды, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шарттары бойынша аударылған жинақталған зейнетақы қаражаттарының сомасы 0,55 млн. теңге құрады.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы ақпанда 5,71 млрд. теңгеге (3,96%) өсіп, 2007 жылғы 1 наурызда 150,0 млрд. теңге болды.


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 38,57%, «ҰларҮміт» - 14,07%, «Валют-Транзит Қор» – 12,04% «Қазақстан Халық Банкі» - 11,08%, «БТА Қазақстан» - 6,17% «ГРАНТУМ» - 5,85% және немесе осы 6 қорға аударымдардың жалпы сомасының 87,78% келеді.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 ақпаннан бастап 15 058 млн. теңгеге немесе 1,61 %-ға өсіп 948 375 млн. теңге болды.

2006 жылғы 1 наурыз және 2007 жылғы 1 наурыз аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 21,0 млрд. теңге болды.

Динамика изменения совокупного объема пенсионных активов



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. тенге	%-бен
1	2	3
"Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	266 545	28,10
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	165 519	17,45
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	165 519	17,45
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	169 063	17,83
"БТА Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	89 566	9,44
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	77 743	8,19

"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	4 759	0,50
"МұнайГаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	22 472	2,37
«СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	37 309	3,93
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	13 203	1,39
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	61 040	6,44
«ГРАНТУМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	61 040	6,44
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	30 814	3,25
"Валют-Транзит Қоры" жинақтаушы зейнетақы" АҚ	30 814	3,25
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	24 244	2,56
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	24 244	2,56
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	21 310	2,25
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	21 296	2,25
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	21 235	2,24
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	948 375	100,00

2007 жылғы 1 наурызда инвестициялық зейнетақы активтерінің көлемі 2007 жылғы 1 ақпанынан бастап 29 705 млн. теңгеге немесе 3,27%-ға өсіп 937 571 млн. теңге құрады.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.03.2007 ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	279 365	29,80
ҚР еурооблигациялары	1 088	0,12
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	185 760	19,81
Ұлттық Банктің ноттары	92 517	9,87
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	67 035	7,15
акциялар	1 598	0,17
облигациялар	65 437	6,98
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	546	0,06
Тазартылған алтын	5 930	0,63
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	421 079	44,91
акциялар	163 445	17,43
облигациялар, оның ішінде	257 634	27,48
АҚШ долларына номинирленген	1 728	0,18
теңгеге номинирленген	254 941	27,19
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	163 041	17,39
Туынды бағалы қағаздар	575	0,06
Жиынтығы	937 571	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2007 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 18 422 млн. теңгеге немесе 7,06% - ға өсіп, 279 365 млн.теңге немесе 29,80% болды. Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің кемюі 2007 жылғы ақпан айында 6 652 млн.

теңге немесе 1,56 % болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 9 522 млн.теңгеге немесе 6,20%-ға ұлғайып 163 041 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жоқ. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 546 млн.теңге (0,06%) құрады. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 7,15% болды, бұл 2007 жылғы 1 ақпандағы ұқсас көрсеткіштен 1,03 пайыздық тармаққа аз.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

Қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2007 жылғы 1 наурыздағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2002 жылғы ақпан – 2007 жылғы ақпан кезеңіне - 51,69%;
- 2004 жылғы ақпан – 2007 жылғы ақпан кезеңіне – 28,50%;
- 2006 жылғы ақпан – 2007 жылғы ақпан кезеңіне – 12,19% құрады

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат www.afn.kz Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Ағымды жылдың ақпан айында қорлардың қаржылық жағдайы мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

	(млн. теңгемен)		
	01.03.06ж.	01.03.07ж.	Өсім (%)
Жарғылық капитал	6 315,8	8 501,0	34,60
Қалыптасқан резерв капиталы	1 436,9	1 705,6	18,70
Есептік кезеңнің (қаңтар-ақпан) бөлінбеген кірісі (шығысы)	3 630,3	829,4	-77,15
Меншік капитал барлығы	15 587,6	23 467,2	50,55
Міндеттемелер	2 017,8	979,5	-51,45
Активтердің барлығы	17 605,4	24 446,7	38,86
Қаржылық инвестициялар	9 257,6	16 724,3	80,65

Берілген кестеде қорлардың жиынтық меншік капиталы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7 879,6 млн. теңгеге немесе 50,55% өсті, оның ішінде жиынтық жарғылық капитал 2 185,2 млрд. теңгеге (34,60%) өскен.

Ағымды жылдың қаңтар айында 5 қор: «Д.А. Қонаев атындағы», «Атамекен», «Мұнайгаз-ДЕМ», «Қорғау», және «Капитал» жалпы сомасы 29,4 млн.теңге шығын жасады. Жалпы қорлар бойынша (салық салығын төлегеннен кейін) жалпы сомасы 829,4 млн. теңге. таза кіріс алды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.03.07
ЖІӨ млрд.теңге ¹	4 612,0	5870,1	7 453,0	8 725,0	9 738,8
Зейнетақы активтерінің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,25	8,91	10,49	9,74
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	10,43	9,73
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	7,84	7,35
«таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,93	2,72
Қорлардың меншіктік капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,26	0,24

¹ Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша по данным Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан.